

1. Жалпы ережелер

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы аясында, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге бағытталған Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы»), қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормасын сақтайтын, түйінді қағидалары мен талаптарын айқындайтын, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» ішкі құжаты болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы лауазымдық нұсқаулықтар келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж.;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», 18.11.2015 жылғы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысы.
- Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңы.
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексы, 03.07.2014 ж. № 226-V;
- 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 26.12.2014 ж. № 986;
- ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» Халықаралық стандарты.

Саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының және мәдениет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауы бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы»